

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 15 қарашадағы N 1672 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 640-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы е р е ж е д е :

3-тармақтың екінші абзацындағы "және валюта" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтың үшінші абзацында "480090" деген цифрлар "050040" деген цифрлармен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілейді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;"

7) тармақша мемлекеттік тілдегі мәтінде мынадай редакцияда жазылсын:

"7) валюта нарығындағы интервенцияны, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасының сұранысы мен ұсынысы көздерін бағалауды және талдауды жүзеге асырады;"

9 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) банкноттар мен монеталар шығарудың, Қазақстан Республикасының аумағында олардың айналысын ұйымдастырудың және айналыстан алудың ерекше құқығына ие б о л а д ы .

Айналысқа банкноттар мен монеталар шығаруды жеке және заңды тұлғаларға оларды сату арқылы Қазақстанның Ұлттық Банкі жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің инвестициялық және коллекциялық монеталарды

сату және сатып алу тәртібін айқындайды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға оларды сату бағасын белгілейді;"

1 1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің және Астана, Алматы қалалары бойынша Қазынашылық департаменттерінің бірыңғай қазынашылық шотына, шетел валютасындағы шоттарына қызмет көрсетеді;"

8) тармақшада "мемлекеттік органның" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармағымен толықтырылсын:

"12-1. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстанның Ұлттық Банкі:

1) төлем жүйелерін ұйымдастыруға және жұмыс істеу шарттары мен тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

2) төлем жүйелерінің жұмыс істеу мониторингін жүзеге асыруға және оны жүргізудің тәртібін белгілеуге;

3) төлем жүйелерінің ұйымдастырылуын және жұмыс істеуін тексеруге;

4) төлем жүйелерінің қатысушылары мен операторларынан ақпарат алуға;

5) Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес төлем жүйелері қатысушыларының қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Валюталық реттеу және бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстанның Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасында шетел валютасы және шетел валютасындағы бағалы қағаздар айналысының саласын және тәртібін айқындайды, резиденттер мен резидент еместердің Қазақстан Республикасының аумағында валюталық құндылықтармен операцияларды жүргізу және шетел банктерінде Қазақстан Республикасы резиденттерінің шоттар ашу тәртібінің ережесін белгілейді;

2) валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдар әзірлеген валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келіседі;

3) валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету және жіберу тәртібін белгілейді;

4) экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асырудың тәртібін белгілейді;

5) валюталық операцияларды және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау, валюта операцияларын тіркеу, валюта операциялары туралы хабарлау тәртібін белгілейді және лицензиялар, тіркеу

куәліктерін, валюта операцияларын хабарлау жөніндегі куәліктер береді;

6) Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюталық операцияларының мониторингін (валюталық мониторинг) жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

7) айырбастау пункттерін тіркеу тәртібін белгілейді, сондай-ақ айырбастау пункттерінің тіркеу куәліктерін береді және Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес олардың қолданылуын тоқтатады;

8) Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындаған тізбеге сәйкес шетел валюталарына қатысты Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының ресми бағамын белгілейді;

9) мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасындағы резиденттер және резидент еместердің орындауы міндетті валюта операциялары бойынша есепке алу мен есептіліктің тәртібін және нысандарын белгілейді;

10) валюта заңнамасын сақтау мәселелері бойынша тексерулерді жүзеге асырады, сондай-ақ валюта заңнамасы бұзылған жағдайда өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте санкциялар қолданады;

11) тауарлар (жұмыстар және қызмет көрсетулер) экспортынан түскен шетел валютасындағы түсімдерді міндетті түрде сату режимін енгізеді және жояды;

12) алтынвалюта активтерімен операцияларды қалыптастырады және жасайды;

13) халықаралық есеп айырысуларды ұйымдастырады, шет елдермен валюталық-қаржылық және кредиттік-есеп айырысу қатынастарын жетілдіреді;

14) жасалған мемлекеттік шарттарға сәйкес шетелдік және халықаралық ұйымдардан шетел валютасын тартады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында өзге де функцияларды орындайды.";

15-тармақтың 10) тармақшасында "(мүдде)" деген сөз алынып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Қаржы ұйымдарының қызметін лицензиялау, бақылау және қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ олардың қызметін реттеуді Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келтіру мақсатында Қазақстанның Ұлттық Банкі:

1) қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларға шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиялар береді; (N 5 қосымша)

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға: банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға; банкаралық клирингке; сейф операцияларына; төлем карточкаларын шығаруға лицензия береді;

3) инкассация бойынша операцияларды Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ қызметінің ерекше түрі шетел

валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін және қалыптасу тәртібін белгілейді;

4) қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларға әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге рұқсат береді;

5) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жағдайда, уәкілетті органға уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлері бойынша лицензия беру мүмкіндігі туралы қорытынды береді, сондай-ақ осындай қорытындыны беру тәртібін айқындайды;

6) Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жағдайда мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және азаматтардан өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер алады;

7) басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарымен, орталық банктерімен және қадағалау органдарымен ынтымақтастықта болады және өздері бақылау функцияларын жүзеге асыруға қажетті ақпаратпен алмасуға құқылы;

8) Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалған өкілеттігі шегінде банк қызметі, ақша төлемдері және аударымы, валюталық операцияларды жүзеге асыру және өзге де мәселелер бойынша барлық банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және олардың клиенттері орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады, сондай-ақ олардың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады;

9) барлық қаржы ұйымдары орындауға міндетті бухгалтерлік есеп және операцияларды автоматтандыру жүйесі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік және бухгалтерлік есеп стандарттары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

10) операцияларды автоматтандыру жүйелеріне қойылатын талаптарды барлық қаржы ұйымдарының сақтауын бақылауды, оның ішінде уәкілетті органдардың қызметкерлерін тарта отырып жүргізілген тексерулер арқылы жүзеге асырады;

11) мынадай банк операцияларын жүргізу тәртібін айқындайды: банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу; жеке және заңды тұлғаларға тиесілі тазартылған қымбат металдардың нақты саны көрсетілетін осы тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу; кассалық операциялар; аударым операциялары; есепке алу операциялары; жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде корреспондент банктердің банктік шоттары жөніндегі тапсырмалары бойынша есеп айырысуларды

жүзеге асыру; банкаралық клиринг; сейф операциялары; төлем карточкаларын шығару; банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау; шетел валютасында айырбастау операцияларын ұйымдастыру; чек кітапшаларын шығару; аккредитивті ашу (қою) және растау және ол бойынша міндеттерді орындау;

12) банктерде операциялар жасауға сенімхат беру тәртібін белгілейді;

13) тиісті уәкілетті органдардың келісімі бойынша банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзету және құрылысын ұйымдастыру жөніндегі орындалуы міндетті талаптарды белгілейді;

14) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесін реттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен реттелмеген және оларға қайшы келмейтін мәселелер бойынша бухгалтерлік есептің стандарттарын, сондай-ақ оларға әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

15) уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, қаржы ұйымдарының және олардың аффилиирленген тұлғаларының қаржылық есептіліктерінің халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тізбесін және нысанын, сондай-ақ ұсыну мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

16) егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, ақша төлемдерін және аударымдарын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің келісімі бойынша банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және барлық шаруашылық субъектілері жүзеге асыратын банк шоттары бойынша төлем жасау кезектілігін белгілеуге құқылы;

17) банктердің операциялары мен мәмілелерінің жекелеген түрлері бойынша сандық шектеулерді белгілейді;

18) банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға олар банк қызметі, есепке алу, ақша төлемдері мен аударымдары, валюталық операцияларды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бұзған жағдайда өз құзыреті шегінде ықпал ету шараларын және банктік және валюталық заңнамада белгіленген тәртіппен санкциялар қолданады. Банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға өз құзыреті шегінде санкциялар қолданған кезде Ұлттық Банк бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлайды;

19) лицензиаттарға Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасын бұзғаны үшін өз құзыреті шегінде ықпал ету шараларын және санкциялар қолданады;

20) бағалы қағаздар нарығында тиісті лицензиялар алмай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалған банк қызметін және кәсіби қызметті жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармағымен толықтырылсын:

"16-1. Қазақстан Ұлттық Банкінің реттеу функциялары Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал жасауға бағытталады.";

17-тармақта 3), 6), 7), 9), 19) және 22-тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) елдің есептік төлем балансын, халықаралық инвестициялық позицияны және жалпы сыртқы борышын бағалауды қалыптастырады, төлем балансының қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдық бағалауын әзірлеуге қатысады, валюталық операцияларды тіркеуді, сондай-ақ мемлекеттік кепілдігі жоқ мемлекеттік емес сыртқы заемдар және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің операциялары бойынша шарттардың мониторингін жүзеге асырады;"

"6) мемлекеттік органдар мен қаржылық ұйымдар үшін кадрлар даярлауға және қайта даярлауға қатысады;

7) мемлекеттік органдардан, қаржылық және өзге де ұйымдардан, сондай-ақ олардың қауымдастықтарынан (одақтарынан) өз функцияларын орындау үшін статистикалық есеп және қажет болған жағдайда өзге де қосымша ақпарат сұратуға және алуға құқылы;"

"9) Қазақстан Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе басқа да заңды тұлғалар арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттардың негізінде активтерді сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады. Қазақстан Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттар ресми баспасөз басылымдарында жарияланады;"

"19) Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғалу дәрежесіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағаздарына техникалық талаптарды бекітеді;"

"22) Ұлттық Банк қызметкерлерін даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асырады;"

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы жылындағы бөлінбеген таза кірісі осы қаржы жылына жатқызылатын нақты алынған кірістері мен шығыстары (алтынвалюта активтерін қайта бағалау шоттарына жатқызылған, пайда болған іске асырылмаған кіріс сомасын қоспағанда) арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Банктік активтер бойынша жасалған жалпы провизиялар (резервтер) сомасына және алтынвалюта активтерін қайта бағалаудан іске асырылған кіріс сомасына азайтылған Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы жылындағы бөлінбеген таза кірісі Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген мөлшерде жарғылық және (немесе) резервтік капиталдарды ұлғайтуға жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық есебін бекіткеннен кейін бөлінбеген таза кірістің қалған бөлігі бір қаржы жылына мәулетпен

мемлекеттік бюджетке аударылады.

Егер резервтік капиталдың мөлшері жарғылық капитал сомасынан аз болған жағдайда барлық бөлінбеген таза кіріс Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруында қалады және жарғылық капитал мөлшеріне жеткенге дейін резервтік капиталды толықтыруға жіберіледі. Қаржы жылындағы шығындарды өтеу үшін резервтік капитал қаражаты жеткіліксіз болған кезде орны жабылмаған шығын Қазақстан Ұлттық Банкіне бір қаржы жылына мәулетпен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен толық көлемде өтеледі.";

20 - тармақта :

бірінші абзацта "алынған" деген сөз "бөлінбеген" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацта :

"жарғылық капитал мөлшерінде құралады" деген сөздер "жарғылық капиталдан кем емес мөлшерде қалыптасады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"таза кіріс" деген сөздердің алдынан "бөлінбеген" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада "Қазақстан Республикасында" деген сөздер "Қазақстан Ұлттық Банкінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің активтерін немесе міндеттемелерін бағалаудағы өзгерістердің салдары болып табылатын алтынвалюта активтері бойынша бағамдық айырма олар пайда болған есептік кезеңдегі іске асырылмаған кірістердің немесе шығыстардың есебіне жатқызылады. Қаржы жылы ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес есептелген іске асырылған кіріс немесе шығыс сомасы есептік кезеңдегі кірістер мен шығыстардың тиісті шоттарына жіберіледі. Қаржы жылын аяқтау нәтижелері бойынша іске асырылмаған кірістер мен шығыстар қайта бағалаудың тиісті шоттарына жатқызылады. Алтынвалюта активтерінің түрлері бойынша қайта бағалау шоттарында қалдық болмаған жағдайда пайда болған теріс бағамдық айырма есепті кезеңнің шығыстарына жатқызылады. Алтынвалюта активтерін қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер толық көлемде резервтік қорды ұлғайтуға жіберіледі.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтынвалюта активтерін ұлттық валютаның тұрақтылығын және айырбасталымдылығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті деңгейде ұстап тұруға тиіс.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының құзыретіне:

1) мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлеу;

2) банк қызметінің, бухгалтерлік есептің, ақша төлемдері мен аударымдарының, вексель айналымының, валюта операцияларын және олардың сақталуын қадағалауды жүзеге асырудың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде және

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда қызметтің өзге де түрлеріне қатысты Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін бекіту;

3) Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен тұжырымдама негізінде банкноттар мен монеталардың номиналдық құнын, сондай-ақ дизайнын айқындау, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы банкноттары мен монеталарын шығару, банкноттар мен монеталардың дизайны немесе нысаны өзгерген кезде оларды ауыстыру, сондай-ақ ескі және бүлінген банкноттар мен монеталарды айырбастау тәртібін белгілеу туралы шешімдер қабылдау;

4) коллекциялық және инвестициялық монеталарды шығару тақырыбын, дайындау таралымын, қоспасын, шығарылатын мерзімі мен күнін айқындау;

5) басқа елдердің тапсырыстары бойынша коллекциялық монеталар соғу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

6) Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттар мен монеталарды сату және сатып алу т ә р т і б і н а й қ ы н д а у ;

7) ресми қайта қаржыландыру ставкасын белгілеу;

8) қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу болып табылатын уәкілетті ұйымдарға берілетін шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны қоспағанда, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу туралы шешімдер қабылдау;

9) банктерде операциялар жүргізуге сенімхат берудің тәртібін белгілеу;

10) алтынвалюта активтерін басқарудың негізгі принциптерін айқындау;

11) монетарлыққа жатқызылатын қызметті айқындау;

12) Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы туралы жылдық есепті қарау, қабылдау және Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсыну;

13) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспортынан шетел валютасындағы түсімді міндетті сату режимін енгізу және күшін жою туралы шешімдер қабылдау;

14) Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін қ а р а у ж ә н е б е к і т у ;

15) Қазақстан Ұлттық Банкінің жарғылық және резервтік капиталын қалыптастыру, Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі құрал-жабдықтарын және өзге де мүлкін, бюджетті (шығыстар сметасын) пайдалану, ақылы қызмет көрсету тәртібі туралы оның нормативтік құқықтық актілерін бекіту;

16) Қазақстан Ұлттық Банкі департаменттерінің директорларын, филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындауға (лауазымнан босатуға) келісім беру;

17) Қазақстан Ұлттық Банкі, оның филиалдары, өкілдіктері және ұйымдары

қызметкерлерінің еңбек жағдайын, оған ақы төлеуді, әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етуді, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды айқындау және бекіту;

18) уәкілетті орган басшысының ұсынуы бойынша оны қаржыландырудың жалпы с о м а с ы н б е к і т у ;

19) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықаралық және өзге де ұйымдарға Қазақстан Ұлттық Банкінің қатысуы туралы шешімдер қабылдау;

20) Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің (Директораттың) құрамын б е к і т у ;

21) қызметін реттеу мен қадағалау уәкілетті органға және Қазақстанның Ұлттық Банкіне жүктелген ұйымдар үшін бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарларын, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен реттелмеген және оларға қайшы келмейтін мәселелер бойынша бухгалтерлік есеп стандарттарын және оларға әдістемелік ұсынымдарды бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесін реттеу жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша бекіту;

22) банк болып табылмайтын заңды тұлғаларға Қазақстан Ұлттық Банкінде банктік шоттар ашудың шарттарын айқындау;

23) Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғалу дәрежесіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына қойылатын техникалық талаптарды бекіту;

24) Қазақстанның Ұлттық Банкі берген кредиттер бойынша банктердің және басқа ұйымдардың Қазақстанның Ұлттық Банкі алдындағы берешегін қайта құрылымдау ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а у ;

25) Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын, жалпы штат санын, Қазақстан Ұлттық Банкінің еңбекақы төлеу жүйесін және Қазақстанның Ұлттық Банкі туралы ережені, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды қарау, мақұлдау және Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсыну;

26) жарғылық және (немесе) резервтік капиталдарды қалыптастыруға жіберілетін бөлінбеген таза кіріс мөлшерін белгілеу;

27) өкілеттігіне Қазақстанның Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын мүлікті сенімгерлік басқару туралы шарттардың негізінде берілген активтерді сенімгерлік басқару бойынша шұғыл шешімдер қабылдау кіретін лауазымды тұлғаны (Қазақстанның Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарынан төмен е м е с д еңг е й д егі) а й қ ы н д а у ;

28) банктер үшін ең төменгі резервтік талаптардың нормативін бекіту;

29) Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде инкассация бойынша операцияны жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың

жарғылық капиталының ең аз мөлшерін және қалыптастыру тәртібін белгілеу;

30) халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарын ескере отырып Қазақстан Ұлттық Банкі үшін бухгалтерлік есеп саясаты мен әдістерін айқындау;

31) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларды жүзеге асыру ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылатын есепті бекіту;

32) Қазақстан Республикасы Парламентіне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері туралы жыл сайын ақпарат беру;

33) өкілеттігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша шұғыл шешімдер қабылдау кіретін лауазымды тұлғаны (өкілетті өкіл) (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі) айқындау;

34) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының ресми бағамы белгіленетін шетел валюталарының тізбесін айқындау кіреді;

35) бағалы қағаздар эмитенттерінің кредиттік рейтингісінің ең төменгі деңгейін айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне кіретін кез келген мәселені қарауға әрі шешім қабылдауға құқылы.";

36-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Филиалдың қызметіне басшылықты Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының келісімі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы лауазымға тағайындайтын (лауазымнан босататын) оның директоры жүзеге асырады.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі негізінде Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметін тексеруді, оның ішінде қаржылық есептілікке аудитті құрылтайшылар құрамына Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің орталық банкінің аудитін жүргізу тәжірибесі бар аудиторлық ұйым кіретін аудиторлық ұйым жыл сайын жүзеге асырады. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ұйымдарының қызметін тексеруді тек қана Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі немесе тапсырмасы бойынша кез келген мемлекеттік орган жүзеге асырады."

2. Осы Жарлық 2005 жылғы 18 желтоқсаннан бастап қолданысқа енетін 1-тармақтың отыз үшінші абзацын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК